

"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2018 жылғы 12 наурыздағы № 01/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 наурызда № 4660 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 03/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы бойынша Тексеру комиссиясының 10.04.2023 № 03/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 бұйрығымен бекітілген "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген) сәйкес, Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылғы 2 наурыздағы №02/01 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4198 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 5 сәуірде, "Халық Ақпарат" газетінде 2017 жылғы 7 сәуірде № 63 (152) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің құқықтық және әкімшілік жұмыс болімі осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағанды облысы бойынша
тексеру комиссиясының төрағасы*

A. Абдықаримов

Қарағанды облысы бойынша
тексеру комиссиясының
2018 жылғы 12 наурыздағы
№ 01/01 қаулысымен бекітілген

"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы 33-бабының 5-тармағына, "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыйайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қантардағы № 13 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 тіркелген) бекітілген "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың үлгілік әдістемесіне сәйкес "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпузы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – "Б" корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жеке жұмыс жоспары – "Б" корпузы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

4) мінез-құлық индикаторы – "Б" корпузы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы;

5) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына "А" корпусы қызметшісінің келісіміне немесе "Б" корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процестік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, "Б" корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

6) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға.

3. "Б" корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін айқындау үшін өткізіледі.

4. "Б" корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда, соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде "Б" корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде, жұмысына қайта кіріскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі - уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасын бағалау Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарының қатарынан құрылған комиссиямен жүргізіледі.

7. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) НМИ жетістіктерін бағалау;
- 2) "Б" корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

8. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелебеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері "Б" корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелебеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

9. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тaraу. НМИ анықтау тәртібі

10. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде "Б" корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасының НМИ осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша, бағалаудың басталу мерзімінен кейін 10 жұмыс күні ішінде құрылатын "Б" корпусы қызметшісінің жеке жұмыс жоспарында Қарағанды облыстық мәслихат хатшысымен анықталады.

11. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

12. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

13. НМИ осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе, жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

14. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып, қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып, белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе "А" корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

15. НМИ саны 5 құрайды.

16. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сакталады.

3-тaraу. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

17. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау журғізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын "Б" корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

18. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парагын толтырады және оған қол қояды.

19. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда "өте жақсы" деген баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда "тиімді" деген баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда "қанағаттанарлық" деген баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда, "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

20. Бағалау парагы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

21. "Б" корпусы қызметшісінің тікелей басшысы мемлекеттік органның бірінші басшысы болған жағдайда бағалау парагы оның қарауына енгізіледі.

22. "Б" корпусы қызметшісінің бағалау парагын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

23. Бағалау парагы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

24. Бағалау парагын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

25. Жоғары тұрған басшымен бағалау парагына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

26. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парагы толтырылады.

27. Бағалау парагын толтыру барысында әр құзырет бойынша "Б" корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен

көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылықта алу қажет. Бір құзыret бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

28. Қызметші құзыretінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыretпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда "күтілген нәтижеге сәйкес" бағасы қойылады;

2) қызметшінің қызметі нақты құзыretпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзыret бойынша "күтілген нәтижеге сәйкес емес" бағасы қойылады.

29. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін персоналды басқару қызметі 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

30. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

31. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

32. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрықта өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жузеге асырылады.

33. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

34. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

35. Комиссияның хатшысы персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

36. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

37. Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын.

38. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) бағалау нәтижелерін бекіту;
- 2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

39. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың "Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)" графасында көрсетіледі.

40. Бағалаудың нәтижелері уәкілетті тұлғамен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

41. Персоналды басқару қызметі "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

42. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысадан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

43. "Б" корпусы қызметшісінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметімен "Б" корпусы қызметшісін бағалау нәтижесі мемлекеттік органдардың инtranet-порталы арқылы жолданады.

44. "Б" корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда немесе оның аумақтық департаментінде шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) мемлекеттік органға Комиссия шешімін жойып, "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) "Б" корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

45. "Б" корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

"Қарағанды облысы бойынша
тексеру комиссиясы" мемлекеттік
mekemесінің "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне
1-қосымша
Нысан
"БЕКІТЕМІН"
Жоғары тұрған басшы

күні _____

жыл
қолы _____

**"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б"
корпuses мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары**

жыл

(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің (тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда)) _____

Қызметшінің лауазымы: _____

Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: _____

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе "А" корпuses қызметшісі келісімінің қаи көрсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін он өзгерістер
Қызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

жыл
қолы _____

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____

жыл
қолы _____

"Қарағанды облысы бойынша
тексеру комиссиясы" мемлекеттік
мекемесінің "Б" корпuses
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне
2-қосымша

Нысан

"БЕКІТЕМІН"

Жоғары тұрган басшы

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)

күні _____
қолы _____

НМИ бойынша бағалау парагы

(Т.А.Ә., бағаланатын тұлғаның лауазымы)

(бағаланатын кезең)

№ п/п	Нысаналы мақсатты индикаторларды натауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке кол жетті / көрсеткішке қол жетпеді
-------	--	---------------	---------------	------------	--

Бағалау нәтижесі

(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

"Қарағанды облысы бойынша
тексеру комиссиясы" мемлекеттік
mekemesінің "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерінің қызметін
бағалаудың әдістемесіне
3-қосымша

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парагы

жыл

(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: _____

Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:

№ р/с	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаган мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		

3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жаупкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын "Б" корпусының мемлекеттік қызметшілері "Қызметті тұтынушыға бағдарлану" және "Қызметті тұтынушыларды хабарландыру" құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші

Тікелей басшы

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

(тегі, аты-жөні)

күні _____

қолы _____

"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне

4-қосымша

Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
	D-1.	<p>Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қояды және тапсырмалар береді;</p> <p>Бөлімшенің берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттайтының және жағдай жасайды;</p>	<p>Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қоя алмайды және тапсырмалар береді алмайды;</p> <p>Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды</p> <p>Бөлімше жұмысын басымдылығына мән</p>

		Бөлімше жұмысын басымдылығына қарай тиімді үйымдастырады;	бермей тиімсіз үйымдастырады;
қызметтік басқару	D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы).	Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; Сеніп тапсырылған үжымның жұмысын жоспарлайды және үйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді; Бөлімше жұмысының нәтижелілігін және сапасын қамтамасыз етеді;	Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; Сеніп тапсырылған үжымның жұмысын жоспарламайды және үйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; Бөлімше жұмысының нәтижелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді;
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен кояды; Басшылыққа сапалы құжаттар дайындауды және енгізеді.; Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; Белгіленген мерзімдерді сақтайды.	Тапсырмаларды жүйесіз орындауды; Сапасыз құжаттар әзірлейді; Жедел жұмыс жасамайды ; Белгіленген мерзімдерді сақтамайды.
	D-1.	Оз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды; Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізеді.	Оз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және үйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды; Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	<p>D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшениң басшысы).</p>	<p>Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; Бөлімшениң қоғаммен тиімді жұмысын үйімдастыру бойынша ұсыныс жасайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; Әрқайсының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды.</p>	<p>Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; Бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс үйімдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды.</p>
	<p>D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары түрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа</p>	<p>Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді;</p> <p>Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады;</p> <p>Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындаиды.</p>	<p>Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді;</p> <p>Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді;</p> <p>Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды.</p>
	<p>D-1.</p>	<p>Міндеттерді дұрыс бөле алады;</p> <p>Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды;</p> <p>Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды;</p> <p>Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды;</p> <p>Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды</p>	<p>Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды;</p> <p>Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды;</p> <p>Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды;</p> <p>Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды;</p> <p>Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзқарасына сенеді.</p>
		<p>Бөлімше қызметін үйімдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алады;</p>	<p>Бөлімше қызметін үйімдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды;</p> <p>Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды</p>

	ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	Шешім қабылдауда жақетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады ; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды.	жинауды сирек ұйымдастырады; Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; Әртүрлі дереккөздерден алынған маглұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамайды; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа		Қажетті мәліметтерді таба алады; Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; Өзінің пікірін негіздей алады.	Қажетті мәліметтерді таба алмайды; Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; Негіzsіз пікір білдіреді.
	D-1.		Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер коя алады; Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі; Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді; Қ ы з м е т тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізеді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады.	Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер коя алады; Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі; Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етпейді; Көрсетілетін қызмет б о й ы н ш а тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырайды.
ҚЫЗМЕТТИ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ			Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; Кері байланысты қамтамасыз ету	Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді; Кері байланысты қамтамасыз ету

ҚЫЗМЕТТИ ТҮТЫНУШЫҒА АҚПАРАТТАНДЫРУ	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды; Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді.	мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Сыпайы және тілеквестікпен қызмет көрсетеді; Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді.	Қызмет алушыға дөрекілік және неміңділікпен қызметтер туралы мәселелеріне мән бермейді; Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды.
	D-1.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімді тәсілін құрастырады.	Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; Көрсетілетін қызметтер тұрали ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады.
	D-2; D-3 (құрылымдық бөлімшенің басшысы).	Бағыныстағыларды қызмет алушыларды кол жетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді.	Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе неміңділікпен қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; Тұтынушыға ақпаратты кол жетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді;	Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді;

	көрсетілген тұлғалардан басқа	Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақытылы қабылдай және жібере алады.	Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақытылы қабылдай және жібере алмайды.
ЖЕДЕЛДІЛІК	D-1.	Ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізді; Өзгерістерді уақытылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді.	Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; Өзгерістерді уақытылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; Бөлімшені тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақытылы шаралар қабылдайды; Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізбейді; Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған катарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; Оларды енгізуіндің жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді.	Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды ; Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді.
			Үлгілі қызметкерлерді анықтамайды және

	D-1.	<p>Улгілі қызметкерлерді жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырып, енгізеді. Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды; Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;</p>	<p>оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтамайды; Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көніл бөлмейді.</p>
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	<p>Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды .</p>	<p>Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды.</p>
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	<p>Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны колданудың әдістерін ізденеді; Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды колданады.</p>	<p>Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа ақпараттар мен оны колдану әдістерімен қызықпайды; Өзінде бар дағдылармен шектеледі.</p>
		<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді; Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік</p>	<p>Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен</p>

		<p>нормалары мен стандарттарына берілгендік деңгейін дамытады;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескереді және анықтайды ;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді;</p>	<p>стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді;</p> <p>Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді;</p> <p>Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауга жол береді;</p> <p>Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елең ескермейді;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет танытпайды;</p> <p>Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді;</p>
АДАЛДЫҚ	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	<p>Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды;</p> <p>Ұжымның мұддесін өз мұддесінен жоғары кояды;</p> <p>Жұмыста табандылық танытады;</p> <p>Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады;</p> <p>Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етеді;</p> <p>Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы</p>	<p>Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді;</p> <p>Өз мұддесін ұжым мұддесінен жоғары кояды;</p> <p>Жұмыста табандылық танытпайды;</p> <p>Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды;</p> <p>Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық</p>

		мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады.	және әділеттілік принциптерін сактауды қамтамасыз етпейді;
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; Өзінің жұмысын адаптацияның; Өзін адаптацияның, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады.	Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады ; Өзінің жұмысын орындау барысында немісізбейшілік білдіреді ; Өзін адаптацияның, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбейшілік қасиеттерін танытады;
СТРЕССКЕ ОРНЫҚТАЛЫҚ	D-1.	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды.	Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды.
ЖАУАПКЕРШІЛІК	D-1.	Құрылымдық бөлімшениң қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.	Құрылымдық бөлімшениң қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшениң басшысы).	Құрылымдық бөлімшениң қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.	Құрылымдық бөлімшениң қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғага артады.
	D-3; * D-4; D-5;		

	* осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады.	Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады.
БАСТАМАШЫЛДЫҚ	D-1.	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсныстарды түзеді және қарастырады.	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсныстарды әзірлемейді және қарастырайды.
	D-2; D-3 (Құрылымдық бөлімшенің басшысы).	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсныстарды талдайды және енгізеді.	Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсныстарды талдамайды және енгізбейді.
	D-3; * D-4; D-5. * осы бағаның жоғары тұрған қатарында көрсетілген тұлғалардан басқа	Ұсныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа косымша жұмыстарды орындаиды.	Ұсныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа косымша жұмыстарды орындаиды.

"Қарағанды облысы бойынша
 тексеру комиссиясы" мемлекеттік
 мекемесінің "Б" корпусы
 мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің
 қызметін бағалаудың
 әдістемесіне
 5-қосымша
 Нысан
 "БЕКІТЕМІН"
 Лауазымды тұлға

(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
 күні _____
 қолы _____

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

(мемлекеттік органның атауы)

(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия корытындысы:

Тексерілді:

Комиссияның хатшысы: _____ Күні: _____
 (тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның төрағасы: _____ Күні: _____
 (тегі, аты-жөні, қолы)

Комиссияның мүшесі: _____ Күні: _____
 (тегі, аты-жөні, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК